

Ақшұқыр ауылы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), жер учаскелері үшін төлемақының және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 10/84 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 сәуірде № 3337 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8 және 11 баптарына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 510 бабына сәйкес, Түпқараған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспесі жаңа редакцияда – Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 18.05.2018 № 20/171 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес Ақшұқыр ауылы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасы (схемасы), жер учаскелері үшін төлемақының және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері бекітілсін.

2. Осы шешімнің 3 қосымшасына сәйкес Түпқараған аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылсын деп танылсын.

3. "Түпқараған аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А.Ізбен) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Д.Садықов

А.Досанова

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақшұқыр ауылының әкімі

М.Ізтұр

17 наурыз 2017 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік кірістер

комитеті Маңғыстау облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Түпқараған ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Ж.Утепбергенова

17 наурыз 2017 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"


"Түпқараған аудандық жер қатынастары,
сәулет және қала құрылысы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Ж.Кулдашов

17 наурыз 2017 жыл

Түпқараған аудандық мәслихатының
2017 жылғы 17 наурыздағы
№10/84 шешіміне
1 қосымша

Ақшұқыр ауылы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасы (схемасы)



Масштаб 1:25 000

Түпқараған аудандық
мәслихатының 2017 жылғы
17 наурыздағы №10/84 шешіміне
2 қосымша

Ақшұқыр ауылы бойынша жер учаскелері үшін төлемақының және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері

Аймақ №	Аймаққа енетін аумақтар	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері	Жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері

I	Селитебтік және өндірістік аумақ	1,5	1,5
II	Жобаланған құрылыс	1,3	1,5
III	Резервтегі аумақ	1,0	1,5

Аймақтардың сипаттамасы

I аймақ - селитебтік және өндірістік аумақ (тұрғын және өндірістік құрылыстар).

Шекарасы: батысында - Каспий теңізінің жағалауымен, солтүстік және оңтүстігінде - Ақшұқыр ауылының әкімшілік шекарасы бойымен, шығысында - "Ақтау - Форт-Шевченко" автомобиль жолынан (96 метрден 315 метрге дейін) (бас жоспар бойынша жобаланған көше) оңға қарай өтеді.

II аймақ - жобаланған құрылыс. Ауылдың даму жоспарына сәйкес жобаланған құрылыстардың жерлері кіреді.

Шекарасы: солтүстігінде - Ақшұқыр ауылының әкімшілік шекарасы бойымен, оңтүстік батысында - "Ақтау-Форт-Шевченко" автомобиль жолынан (96 метрден 315 метрге дейін) (бас жоспар бойынша жобаланған көше) оңға қарай өтеді.

III аймақ - резервтегі аумақ.

Шекарасы: солтүстігінде - Ақшұқыр ауылының әкімшілік шекарасы бойымен, шығысында - Мұнайлы ауданының әкімшілік шекарасы бойымен өтеді.

Түпқараған аудандық
мәслихатының 2017 жылғы
17 наурыздағы №10/84 шешіміне
3 қосымша

Түпқараған аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Түпқараған аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 қыркүйектегі №7/47 "Ақшұқыр селосы бойынша салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасын және базалық салықтық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №2165 болып тіркелген, 2012 жылғы 12 қазандағы №60-61 "Ақжетік арайы" газетінде жарияланған).

2. Түпқараған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 қазандағы №34/233 "Түпқараған аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімінің 1-тармағының 3) тармақшасы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №2895 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Түпқараған аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 наурыздағы №39/270 "Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 12 қыркүйектегі №7/47 "Ақшұқыр ауылы

бойынша салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасын және базалық салықтық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3006 болып тіркелген, 2016 жылғы 20 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК